

## Елді мекендердің автотұрақтар үшін бөлінген, жерлерінің базалық салық ставка туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 21 маусымдағы N 29-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 шілдеде N 7-9-107 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 17-12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 27.03.2018 № 17-12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексін басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Елді мекендердің атотұрақтар үшін бөлінген жерлері Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 381 бабында белгіленген базалық салық ставкасы (0,48 теңге) он есеге ұлғайтылсын.

2. Қаратөбе аудандық мәслихатының "Автотұрақтар, автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген, казино орналасқан жер участеклеріне салынатын салық ставкасының мөлшерін бекіту туралы" 2009 жылғы 2 наурыздағы N 10-9 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-9-80 тіркелген, 2009 жылғы 27 наурыздағы "Қаратөбе өнірі" N 13 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастан туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

E. Гумаров

Б. Тойшыбаев